**«Бекітемін»**
№234 Ж.Жабаев атындағы
орта мектептің директоры

_________ Ж. Уразбаева

# ҮЙІРМЕ ЖОСПАРЫ

**Сөз шебері**

**Сыныбы**: 5
**Пәні**: Қазақ әдебиеті
**Пән мұғалімі**:Ирина Баймаханова

**2024-2025оқу жылы**

Scanned with ACE Scanner

**«Сөз шебері»**

**Қазақ әдебиеті 5 сынып**

*Түсінік хат*

Қазақ ауыз әдебиетінің бір түрі шешендік өнер. Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен казак шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралган, кагазда емес, халық жадында сақталған.

Оқушыларды «Шешендік өнерге» баулудың маңызы зор. Қазақ халқы шешендік өнерді аса құрметпен бағалағандықтан, 5 сынып оқушыларын ата-баба ізімен шебер сөйлеу, тілдерін дамыта түсу, олардын үлгі-өнегесін бойларына дарыту басты мақсат.

Бұл бағдарлама 5 сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай алынған.

5 сынып оқушылары әдебиет пәніне негіздей отырып, көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің аркасында шебер сөйлеуге жаттығады. Би-шешендердің сөздерін жаттап өсіп, жаңа ұғымдармен танысады.

Сөйтіп «Ұлттық шешендік өнер» деген атпен құрастырылган бағдарлама бірыңғай шешендердің айтысын немесе билердің дауын бейнелемейді, сонымен бірге халық даналығынан туған асыл ойларды, өсиет- насихат сөздерді, өткір мыскыл, әзіл, тапқырлық сындарды, т.б. камтиды. Мұнда шешендік нақыл, тапқырлық сөздермен қатар акындық терме, толғаулар да аз емес. Құнттап караған әр оқушы бағдарлама негізінде тілі көркем, ойы терең сөздердің жаксы үлгілерін таба алады.

<u>Курстың мақсаты</u>: Бұл шешендік өнер сабақтарының түбегейлі максаты, оқушылардың жеке басын калыптастыра отырып, әдеби мұраларга деген талғамын тәрбиелеу, рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттың сана-сезімін дамытуға ықпал ету, кітап оқуға деген ынтасын арттыру.

<u>Курстың міндеттері</u>:

1. Оқушылардың оқу дағдысын калыптастыру және жетілдіру;

2. Көркем шығармаларды окуға деген қызығушылығын дамыту;

3. Шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуін, эмоциялық қабылдауын(кейіпкерлердің көңіл-күйіне ортақтасу, күйіну, сүйіну т.б.)қамтамасыз ету;

4. Шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін аша білуге бағыттау;

Scanned with ACE Scanner

5.Ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін (ойын еркін жеткізу, сауатты да мәнді жаза білу) дамыту;

6. Өзіндік ой-пікір айта білуге баулу;

7. Оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді дарыту.

**I.Мазмұндық бөлім.**

Курстың мазмұны

Сөз шебері мазмұнына карай, *шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау* деп үш тарауға бөлінеді.

Шешендік арнау адам арасындағы қарым-қатынасты, шешендік толғау халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді десек, шешендік дау қазақ қауымының заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңын бейнелейді.

**III.Ақпараттық әдістемелік бөлім.**

Оқытуды ұйымдастырудың формалары

Үйірмені оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда жеке оқушымен, топпен жұмыс арқылы жүзеге асады. Оқытудың негізгі максаты аркылы оку жүйесіндегі әдістерді колданған тиімді. Мысалы: дәріс-семинарлар, пікір алмасу, практикалык сабактар, т.б.

Білімдерін тексеру және бағалау жүйесі:

1. Күнбе-күн бакылау, тексеру, сұрақ-жауап, әрбір сабактан сон тест немесе шығармашылық жұмыс.

2. Тақырыптық бақылау, тексеру: теориялық білімін, өз көзқарасын бақылау жұмыстары.

3. Қорытынды бақылау, тексеру, ой-толғау, өлеңді мәнерлеп оку, сөз қолданысы.

4. Практикалық жұмыстар сынак түрінде «тапсырылды» деп бағаланады. 5. Бағалау жүйесі ретингілік: 1-3 ұпай «3», 4-6 ұпай «4», 7-9 ұпай «5».

**Білім мен біліктілікке қойылатын талаптар.**

Оқушылар білуге тиіс:

Scanned with ACE Scanner

-шешендік өнер тарихын;

-ісінген катушкалар талаптары;

-шешендік сөздегі әдеби-эстетикалық ғибратты;

-ұлттық шешендік өнердің ерекшеліктерін;

-қазақ тарихындағы белгілі би-шешендер мен билер жайлы мағлұмат.

Оқушылар дәлелдеуі тиіс:

-өз ойларын әдеби тілмен өрнектей білуі;

-әдебиет теориясы бойынша талдау жұмысын жүргізуді;

-кейіпкердің іс-әрекеттерін салыстыра отырып баға беруі.

**Әдебиеттер:**


1. Адамбаев.Б. «Шешендік сөздер» Алматы: «Отау» 1992.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте» әдістемелік журнал №2, 2007.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» әдістемелік журнал №11, 2007.
4. «Қазақ тілін жедел оқыту». Қапасова. Б.Қ, Әбдіжүсіпова. Б.Х, Жұмаділова. Ш.Т Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2007.


Scanned with ACE Scanner

2024-2025 оқу жылындағы Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектептің «Сөз шебері» үйірмесіне қатысушы оқушылардың тізімі

| Р/с | Аты-жөні | Туған жылы | Сыныбы |
|---|---|---|---|
| 1 | Айжанов Оңболсын | 03.12.2011 | 5 г |
| 2 | Әбдіханов Орынбасар | 04.04.2014 | 5 г |
| 3 | Бақытжан Данияр | 17.09.2011 | 5 г |
| 4 | Жарас Айзере | 16.03.2010 | 5 г |
| 5 | Жолмырза Мұхамедәли | 09.12.2014 | 5 г |
| 6 | Саябек Нұрсайын | 28.01.2014 | 5 г |
| 7 | Шәкібек Дильназ | 06.01.2014 | 5 г |
| 8 | Үрістем Мерей | 10.06.2014 | 5 г |
| 9 | Жаңаберген Нұрпейіс | 25.11.2014 | 5 г |
| 10 | Абдулла Нұрмұхаммед | 12.03.2014 | 5 г |
| | | | |

***Үйірме жетекшісі:Баймаханова И***

Scanned with ACE Scanner

| № | Сабақтың тақырыбы | Сағаты | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Кіріспе. «Сөз шебері» үйірмесі туралы түсінік. Мақсат, міндеті, жоспарымен таныстыру | 1 | 16.09.23 |
| 2 | Шешендік сөздің тарихына шолу | 1 | 23.09 |
| 3 | Шешендіктің бастауы- Аяз би мен Майқы би | 1 | 30.09 |
| 4 | Төле бидің шешендігі | 1 | 7.10 |
| 5 | Қазыбек бидің шешендігі | 1 | 14.10 |
| 6 | Әйтеке бидің шешендігі | 1 | 21.10 |
| 7 | Сөйлеу мәдениетімен таныстыру | 1 | 4.11 |
| 8 | Тыныс, дауыс, дикция туралы ұғым | 1 | 11.11 |
| 9 | Орфоэпиялық заңдылықтар | 1 | 18.11 |
| 10 | Менің шешендігім...(пікірталас ұйымдастыру) | 1 | 25.11 |
| 11 | Көркем сөз оқу өнері | 1 | 9.12 |
| 12 | Мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері | 1 | 16 |
| 13 | Интонация және оның компоненттері | 1 | 23 |
| 14 | Екпін, кідіріс | 1 | 13.01 |

Scanned with ACE Scanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15 | Менің сүйікті өлеңім... | 1 | 20.01 |
| 16 | Мәнерлеп оқу сөз шеберлігінің бастауы. (Мәнерлеп оқуға үйрету) | 1 | 27.01 |
| 17 | Өлең ұйқастарымен таныстыру | 1 | |
| 18 | Болмасаң да, ұқсап бақ! (еркін тақырыпта ұйқасқа өлең құрауға үйрету) | 1 | |
| 19 | Мақал-мәтелдерді тақырыптық жағынан тақырыптық жағынан іріктеу, жинау | 1 | |
| 20 | Сахнада сөйлеу шеберлігін жетілдіру | 1 | |
| 21 | Әдеби шығармаларды кейіпкерлендіру | 1 | |
| 22 | Н.Ә. Назарбаевтың ұлағатты сөздерінен кітапша жасау | 1 | |
| 23 | «Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолдары» атты дөңгелек үстел ұйымдастыру | 1 | |
| 24 | Өзі ұнатқан тақырыпқа әңгіме құрау | 1 | |
| 25 | Қазіргі таңдағы тіл мәселесі (пікірталас ұйымдастыру) | 1 | |
| 26 | Ақын-жазушылардың мұражайына саяхат | 1 | |
| 27 | «Тарихи тұлға тағылымы» атты мақала даярлау | 1 | |

Scanned with ACE Scanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 28 | «Жаңа Қазақстан қалыптастырудағы шешімдері» атты конференцияға мақала даярлау | 1 | |
| 29 | Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы .Көркем сөз оқу сайысын ұйымдастыру | 1 | |
| 30 | Жұмбақтар құрау, жинақтау | 1 | |
| 31 | ҰОС ардагерлерімен «Жеңістің мәңгілік алауы» тақырыбында 1 дөңгелек үстелін ұйымдастыру | 1 | |
| 32 | Жыл бойы жазған шығармаларды жинастыру, есеп беру. Қорытынды сабақ | 1 | |

Scanned with ACE Scanner

Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебінде жүргізілетін

«Сөз шебері» үйірмесіне тартылған оқушылардың қатысым

**КЕСТЕСІ**

| р/с | Сабақ мерзімі / Оқушылардың аты-жөні | қыркүйек 16 | 23 | 30 | қазан 7 | 14 | 21 | қараша 4 | 11 | 18 | 25 | желтоқсан 9 | 16 | 23 | қаңтар 13 | 20 | 27 | ақпан 3 | 10 | 17 | наурыз |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Айжанов Оңболсын | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |
| 2 | Абдулла Нұрмұхаммед | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |
| 3 | Әбдіханов Орынбасар | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |
| 4 | Жарас Айзере | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |
| 5 | Жанаберген Нұрпейіс | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |
| 6 | Жолмырза Мұхамедали | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |
| 7 | Жеткінбек Әбдікәрім | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |
| 8 | Саябек Нұрсайын | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |
| 9 | Шәкібек Дильназ | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |
| 10 | Үрістем Мерей | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | | | | |

Scanned with ACE Scanner

Ж.Жабаев атындағы
№234 орта мектебінің
директоры Ж.Уразбаеваға
ата-ана Сейтова
Айгүлден

Өтініш

Осы өтінішім арқылы Сізден балам Әбілхасанов Орынбасарды мектепте жүргізілетін "Сөз шебері" үйірмесіне қатысуына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №234
орта мектептің директоры
Ж. Уразбаеваға ата-ана
Айданадан

# Өтініш

Осы өтінішке арқылы Сізден менің қызым Үрістем Мерейді мектепте жүргізілетін „Сөз шебері" үйірмесіне қатысуына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №34
орта мектебінің дирек-
торы Ж. Урозбаеваға
ата-ана Сейтова
Айгүлден

Өтініш

Осы өтініш арқылы Сізден менің балам (Қосбаев) Жарас Айзерені мектепте жүргізілетін "Сөз шебері" үйірмесіне қатысуына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы
№34 орта мектептің
директоры М. Уразбаеваға
ата-ана Қалжанова
Гүлмирадан

Өтініш

Осы өтінішпен арқылы Сізден менің қызым Жібек Дильназдың мектепте жүргізілетін „Сөз шебері" үйірмесіне қатысуына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы
№234 орта мектебінің
ж. Уразбаевоқа ата-
аны Сейлбаев Жас-
уланнан

Өтініш

Осы өтініш арқылы Сізден менің баламм Бақытжан Дамиярды мектепте жүргізілетін "Сөз шебері" үйірмесіне қатысуына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №234
орта мектебінің директоры
Ж. Уразбаеваға ата-ана
Айжанов Баянбайдан

# Өтініш

Осы өтінішім арқылы Сізден менің балам Айжанов Озбасынды мектепте жүргізілетін "Сөз шебері" үйірмесіне қатысуына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

Ж. Жабаев атындағы №234
орта мектебінің директоры
Ж. Уразбаеваға ата-ана
Арыстанбек Жайдаркүлден

Өтініш

Осы өтінішім арқылы Сізден балам Нұрмұхаммед Абдулла мектепте жүргізілетін "Сөз шебері" үйірмесіне қатысуына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №234 орта мектебінің директоры Т. Уразбаеваға ата-ана Байсакалов Нұрманнан

# Өтініш

Осы өтініш арқылы сізден балам Жалмырза Мухамеджиді мектепте жүргізілетін "Сөз шебері" үйірмесіне қатысуына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

Scanned with ACE Scanner

М. Жабаев атындағы №234
орта мектебінің дирек-
торы М. Уразбаеваға
ата - ана Тоқтыбаев
Жайзабектен

Өтініш

Осы өтініш арқылы Сізден балам
Жаңаберген Нұрпейісті мектепте
жүргізілетін "Сөз шебері" үйірмесіне
қатысуына рұқсат беруіңізді су-
раймын

Өтініш иесі: Тоқ [signature]

Scanned with ACE Scanner

Ж. Жабаев атындағы №234
орта мектебінің директоры
Ж. Уразбаеваға ата-ана
Базарбаев Бауыржанан

Өтініш.

Осы өтінішім арқылы сізден баламы Саябек Нұрайымы мектепте жүргізілетін "Сөз шебері" үйірмесіне қатысуына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Өтініш иесі: [signature]

Scanned with ACE Scanner

Мұғалім:Баймаханова И

Тақырыбы: «Сөз шебері»

Мақсаты: оқушылардың қазақ тілі пәнінен алған білімдерін, ел тарихын қаншалықты білетіндіктерің тексеру; оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын дамыту, шапшаң ойлауға, ойын жинақтап жеткізе білуге үйрету; ұйымшылдыққа, адамгершілікке, мәдениетін, салт-дәстүрін ұмытпай, қадірлеуге тәрбиелеу

Сабақтың барысы

1.Сәлемдесу

2.Кіріспе бөлім

3.Негізі бөлім

I.«Танысу» бекеті

1-топ

«Дыбыс» тобы

2-топ

«Сөз» тобы

Өмірлік ұстанымы:

Адам туған тілін құрметтесе, өзін де құрметтейді. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін, біз білімді болуымыз керек.Біз қазақ тілін дамытуымыз керек, себебі ұлт болашағы тіліне тәуелді.

II. «Ұлы тұлға» бекеті

Балалар, кімнің портреті? Бұл кім?

Абай Құнанбаев

Дұрыс. Абай Құнанбаев кім болған?

Ақын, жазушы, аудармашы

Абай Құнанбаев 1845 жылы туылған, сонда келесі жылы неше жыл болады? 179 жыл

Абайдың шығармалары: Қыс, Әсемпаз болма әрнеге

**Қыс**

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр мылқау танымас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Scanned with ACE Scanner

Сабақтың тақырыбы: Шешендік сөздер. 23.09.2024

1. Шешендік сөздер туралы мәлімет беру.

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем бір саласы болып табылады. Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін: шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау деп шартты түрде үшке бөлуге болады. Шынайы шешендік қиялдан тумайды, өмірлік оқиғалардан, табиғи құбылыстардан туады, көп жылдық тәжірибе мен сан рет қайталау арқылы сыннан өтіп халық мойындаған қағидаға, даусыз ақиқатқа айналады. Оның үстіне әр дәуірдің әр түрлі сөз шеберлерінің талғамынан, толғауынан өтіп шешендік сөз "тілге жеңіл, жүрекке жеңіл" тиетін сүйкімді үн мен ырғаққа ие болады. Шешендік сөздер үш түрлі болады: кеңесу, билік және салтанатты сөз. Ал құрылысы жағынан кіріспе, баяндау және қорытынды болып бөлімнен тұрады.

"Өнер алды – қызыл тіл" деп қазақ бекер айтпаған. Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, комақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері - атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды керекті, келеңді жерінде жаңартып кәдеге жаратады.

Қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Ел есінде жүрген шешендік нұсқалардың туындыгері – шешен - би. Халық заманы озған сайын әлгіндей сөз үлгілерін талқыға салып, қырлап, өңдеп, құлпыртып әкеліп, кейде тіпті сан - саққа жүгіртіп әркімдердің (шешен - билердің) атынан айтады. Осындай әдеби - халықтық, фольклорлық сұрыптаулардан кейінгі біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздер шымырқанған қымыздай жұтылған, таңдай татарлық дүниелер болып келеді.

Қазақта шешен, би деген ұғымдар дербес тұрып та, қосарланып та айтыла береді. Белгілі бір шешендерін өкіл деп танысақ, мәселен, Жиренше шешен, Зілқара шешен, Әлібек шешен, Сүйінбай шешен, Бөлтірік шешен, Шәңкі шешен, Мүсіреп шешен, Тұяқ шешен, ал енді бір сыңарын би деп түстеу, мәселен, Майқы би, Аяз би, Мөңке би, Әйтеке би, Бала би т. б. деп атау қалыптасқан.

Би атауы - әлгіндей емес, белгілі бір мақсатқа, мемлекеттік мүддеге қызмет ететін, жалпы шешендіктен салыстырмалы түрде тар арнаға ыңғайланған шешендердің тобын көрсететін атау.

Бұдан билердің рөлі тек қоғамдық мәселелерді шешу үстінде ғана айрықша да, одан былайғы тұста шешендік сипаты жойылады деген ой туындамауы керек. Би дегеніміз - ел - жұрттың әдет - ғұрпын, салт - дәстүрін, өткен - кеткен көне шежіресін, тарихын, қоғамдық даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың, жан - жануарлардың сан алуан қасиеттерін, құпияларын жетік білетін, бүгінгіге баға беретін, болашаққа болжам жасап, адамдардың көкірек көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы - қырлы мінез - құлықтарды айтқызбай – ақ доп басатын, ғылым - білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар біртума жандар.

Scanned with ACE Scanner